

ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ

Мухамедгалиева Айдана Кенжеболатовна

aidana_mk1203@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің 2 курс
студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.М. Азмұханова

Тіл қашан да болсын, адамдар арасындағы қарым-қатынастың, байланыстың маңызды элементі болып келеді. Сөз бен сөйлеу – адамзаттың дамуына үлкен жол ашады. Тіл - адамзат қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты және рухани мәдениеттің элементі болып табылады. Әр ұлттың және халықтың мыңдаған жылдар бойы немесе тіпті ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы, өзіндік мәдениеті бар және әр ұлттың басты бірегейлігі - оның тілінде. Тілден басқа ешнәрсе тіл сияқты белгілі бір халықтың немесе адамзаттың барлық ерекшеліктерін егжей - тегжейлі бейнелеп, жеткізіп бере алмайды. Тіл, ең алдымен, адамның ойлау қабілетінің көрінісі..

"Мәдениет" сөзі көбінесе адамзаттың даму деңгейін білдіреді және бұл жағдайда "өркениет" терминімен синоним болып табылады, сонымен қатар мәдениет адамның рухани даму дәрежесін және оның оқымыстылық, білімпаздық деңгейін білдіреді. Мәдениет терминінің жүзден астам анықтамалары бар, өйткені мәдениет ұғымы әртүрлі және әр алуан. Олардың негізгілерін қарастырып өтейік: Мәдениет - адам өмірінің және адамзат қоғамының әртүрлі аспектілерін қамтамасыз ететін бүкіл қызмет жүйесінің ажырамас бөлігі және шарты ретінде адам қызметінің рухани құрамдас бөлігі. Сонымен бірге, мәдениет - бұл рухани өндірістің процесі мен нәтижесі, бұл оны экономика, саясат және әлеуметтік құрылыммен қатар жиынтық әлеуметтік өндіріс пен әлеуметтік реттеудің маңызды бөлігі етеді. Рухани өндіріс мәдениеттің әртүрлі компоненттерінде (мифтер, дін, көркем мәдениет, идеология, ғылым және т.б.) енгізілген мәдени нормаларды, құндылықтар мен білімдерді қалыптастыруды, сақтауды, таратуды және енгізуді қамтамасыз етеді.

Тіл - мәдениет айнасы, онда тек адамды қоршаған шынайы әлем мен нақты шарттар көрсетіліп қоймайды, сонымен бірге халықтың қоғамдық санасын, оның менталитетін, ұлттық сипатын, өмір салтын, салт-дәстүрі мен моралын, құндылықтар жүйесін, дүниетанымы мен әлемдік көзқарасын айғақ етеді. Тіл мен мәдениетті бөлуге болмайды, халықтың мәдениеті мен ұлттық ерекшеліктерін ескермей, оның тілін қарастыруға болмайды. Өйткені, халықтың тілі мен мәдениеті бір уақытта дамиды. Уақыт өте келе тіл қоғамдағы мәдениет сияқты өзгереді. Мәдениетте жаңа құндылықтар, тілде жаңа сөздер пайда болады.

Тіл халықтардың ұлттық бірлігіне ықпал етеді. Ол ұлттық республикалар мен аймақтарда болсын, әлемдік масштабта болсын, бірегей коммуникативті қасиетін сақтап келеді. Мәдени идеология, мәдени құндылықтарды тарату, оны меңгеру барысында білім жинақтау - осының бәрінің ортасында тіл тұр. Мәдениеттердің өзара әрекеттесуінде тілдің рөлі өте зор. Тіл-адамның рухани мәдениетінің бөлігі, ал рухани мәдениет - бұл жеке адам мен қоғамның рухани дамуына бағытталған іс-әрекет. Бұл ойдың, сезімнің, ерік-жігердің үйлесімі. Рухани мәдениет адамды тұлға ретінде оятады, қолдайды және дамытады. Мәдениет - бұл адам шығармашылығының өнімі.

Осыған орай, қазіргі таңда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Халықаралық қатынастар» факультетіндегі «Шығыстану» кафедрасында

оқып жатқандықтан, шығыс тілі - корей тілін меңгерудемін. Бұл мақаланы бастау себебім де осы. Корея Республикасына – оның тіліне, мәдениетіне қатты қызығушылық танытқандықтан, мақаланы жазбас бұрын мынадай сұрақтар туындады: «Корея елінің мәдениетіндегі тілдің рөлі қандай?», «Корей тілінің жойылмай, әлі күнге дейін әсіресе шетелдік (мысалы, қазақтар) жастар арасында өзекті тілге айналуының сыры неде?», «Қалай корей тілі сонау заманнан қазіргі күнге дейін жоғалып кетпеген?». Шығыс елін зерттеу барысында бірнеше қызықты материалдар жинастырған болатынымын. Нәтижесінде мақала жазуды ойластырып, осы сұрақтарға толыққанды жауап іздеуді шештім. Ендеше мақаламының келесі бөлігінде осы сұрақтардың жауабын анығырақ қарастырып көрейін.

Қарап отырсақ, Корея елі қаншама соғыстарды бастан кешірді. Сол соғыстар барысында патриот кәрістердің басты мақсаттарының бірі – тілді, мәдениетті, білімді қалай да болсын сақтау болды. Ең алғаш корей тілін 1443 жылы Чосон әулетінің 4-ші басшысы – Седжон патша ойлап тапқан болатын. Сонау заманнан бертің келе корей тілі өзінің маңыздылығын жоғалтпаған. Мәселен, тарихқа сүйенер болсақ, бұған себеп - корей алфавиті жарық көрегеннен бері Нам И, Ким Чон Со, Чон То Чжон, Ли Чи Ван, Пак Пэн Нен бастаған XV – XVII ғасырлардың атақты корей авторлары өздерінің қысқа өлеңдерін (корейше сиджо) алғаш корей тілінде жаза бастайды [1]. Ал бұған дейін Ли Гю Бо, Ли Инно, Лим Чхун, О Докчон, Хван Бохван, Чо Тхон, Ли Дамджи және Хам Сун сынды ағартушылар мен ақын-жазушылар өз шығармаларын ханмун, яғни корей жазу контекстінде қолданылатын қытай иероглифтерімен жазған болатын [1].

Ал XIX – XX ғасырлар аралығында Кореяда "Кемонги ундон" (шартты аударма - "ағартушылар қозғалысы") мәдени-ағартушылық қозғалысы пайда болды. Корей ағартушылығының өкілдері ескірген конфуцийлік білім беру жүйесіне қарсы шықты [2]. Күшті тәуелсіз мемлекеттің таралуы жаңа білім беру және өз тілін ұмытпау арқылы ғана мүмкін болады деп сеніп, алдыңғы қатарлы, еуропалық ғылым мен мәдениеттің таралуын жақтады. Сондықтан корей ағартушылары мәдениетпен және ғылыммен ілесе жүріп «іштей жетілдірілу», яғни өз тілін де осы салаларда ұмытпай алға тарту және «сырттан үйрену», яғни өз тәжірибелерін, белгілі бір жаңашылдықтарды сырттан, басқа елдерден үйрену жайлы үндеулер мен ұрандар жариялады.

1592-1598 жылдары болған Имджин соғысы, одан кейінгі монғол агрессорлары кезінде корей жазушылары мен ағартушылары өз шығармаларында корей тілінде соғыстың тезірек аяқталатындығын қалайтыны туралы жырлаған болса, 1910 жылғы Жапонияның Кореяны отарлау саясаты кезінде, керісінше корей тілін сақтап қалу жолдарын қарастырып, жедел түрде, тілге деген сүйіспеншілігінің арқасында, белгілі бір әрекеттер жасай бастады [4]. Сол кезде өз туған тілдері отарлау барысында жоғалып кете жаздады. Себебі, отарлау саясаты бар жерде отарлаушы елдің тілі билейді. Дәл солай осы жағдайда да Кореяда жаппай жапон тілі жайыла бастады. Бірақ көптеген мәдени, сондай-ақ ағартушылық ұйымдардың Жапонияның жүйесіне қарсы қозғалыстары қаһарлы анексиядан кейін өз халқының тәуелсіздігінің ассимиляцияға, халықтық мәдениетке нұсқан келтіргізбеу үшін корей халқының зиялы қауым өкілдері өз студенттерімен бірге әртүрлі саладағы адамдарға өз тілі мен мәдениеті үшін, бастысы өз тәуелсіздігі үшін қасарыса тұрып, жан аямай күресті [4]. Елдегі полициялық режим, қоғамдағы теңсіздік және ең маңыздысы жапон тілін жаппай, зорлап оқыту - осының барлығына шыдай алмаған корей азаматтары белсенді түрде күресе бастады. Олардың түсінігінше - қоғамның алға басуы ғылым мен білімге байланысты болуында. Осылайша түрлі ағартушылық ұйымдар және мектептер, үлкен жастағы адамдар үшін кешкі мектептер ашыла бастады. Бұл мектептер ұлттық мәдениетті дәріптеп, антижапондықты насихаттайтын ұйымға айналды [4]. Оларды, көп ұзамай, жапон үкіметі жаптыртып тастағанымен, корей халқы білім саласында ағартушылықтың басты құралы кітап деп біліп, білімалушыларға жаңа хрестоматия, түрлі әдістемелік кітаптар шығара

бастайды. Бұл салада Хен Чха деген корей азаматы өз әдістемелік құралымен ағарту ісінде көптеп еңбек сіңіреді. Осы кезеңде мектептердің басты мақсаттарының бірі – отансүйгіштікке, өз тілін біліп, құрметтеуге тәрбиелеу болды. Сабақ барысында ұстаздар өз оқушыларына Отан туралы патриоттық әндерді өз тілдерінде, яғни корей тілінде айтқызыған. Бұл аралықта болған түрлі қозғалыстардың, көтерілістердің, соғыстардың Корея елінің тас талқанын шығарғандығын көреміз. Бірақ соған қарамастан кәрістердің өз тілін сүйгендігі соншалық, оны қалай да болсын сақтап қалуға тырысқандығын оқып, тамсанамыз [4].

Дәл сол сияқты Корея мен Қазақстанды салыстырып, анализ жасайтын болсам, біздің елде де осы сынды көтерілістердің, тіл мәселесінің болғандығын байқаймыз. Кореядағы Жапон отарлауы, Қазақстандағы Ресей отарлауының болуы – корей мен қазақ халқына ауыр тигендігі сөзсіз көрінеді. Біздегі орыс тілінің жаппай оқытылуы, қазақ тілінің, оған қоса салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының – жалпы мәдениетінің жоғалу алдында болғандығы байқалады. Әрине, қазіргі кезде біздегі солтүстік өңірлерде аздап болсын орыс тілінің жайылуы қынжылтатын жағдай. Дегенмен де солтүстік жақта, орыс тілі бола тұрып, қазақи салт-дәстүрердің әлі де сақталып, күнделікті өмірде қолданылып келе жатқандығы қуантады. 70 жылдан астам уақыт орыс отары саналған біздер, Қазақстан, осындай қиыншылықтар мен сынақтарға қарамай өзіміздің тіліміз бен қоса мәдениетімізді сақтап қалғанымыз, менің ойымша, кез келген ел үшін үлкен жетістіктер мен ұлы жеңістердің бірі бол саналады. Мұның барлығы біздің халықтың арыстары - Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов және басқа да ағартушыларымыздың арқасы. Жан жағыңнан орыс әскерилері, кулактары бақылап тұрғанда, «Ертең ұрпаққа қазақша жазылған асыл сөздеріміз қалсын» деп туған тілі үшін өз жанын беруге дайын тұрған ұлыларымызға мың алғыс. Сонымен бірге, дәстүрді сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген ата-бабаларымыздың да қазіргі Қазақстанның тұғыры биік, беделді елдер қатарында болуында үлкен үлес жатыр. Мәдениет пен қатар тілді сонау ғасырлардан қазіргі күнде өмір сүріп жатқан біздерге тарту еткен бұл мұраны біз де келешек ұрпаққа насихаттап, сақтауымыз ата-баба рухының алдында орындар басты парыз болып есептеледі. Себебі тілі, мәдениеті оған қоса өркениеті мықты елдің қашан да іргесі мықты, шаңырағы биік бола бермек. Қазіргі таңдағы Европаның ұлы данамыз Абайға таңданып, өлеңдерін жаттауы, қазақтың қара домбырасы жырлаған күйлерді сүйсіне тыңдауы, Шығыс Азия елдеріндегі азаматтардың қазақ тілін қуана-қуана меңгеруі біздің ежелдегі ата-бабаларымыздың және қазірдегі сол дәстүрді, сол мәдениет пен тілді ұштастыра сақтап, үлгі етіп келе жатқан біздер мен сіздердің өз еліміз үшін жасаған аянбай еңбегіміздің жемісі. Бірақ барлық дерлік дүниежүзіндегі ұлттар осы салтты қазіргі күнге дейін сақтап жеткізе алмады. Бұл тұрғыда тілдің де алатын орны маңызды болды. Сол себепті де ұлттық дәстүрдің, мәдениеттің жоғалуы – тілдің жоғалуына әкелді.

Ал қалайша корей тілі қазіргі таңда жастар арасында үлкен сұранысқа ие? Мұның үлкен бір жаубы мәдениетте жатыр. Тіпті егер Қазақстанды алып қарасақ, қазақ жастарының көбісі, әсіресе қыздар жағы, корей тіліне қатты қызығушылық танытады. Өзімді алар болсам, Корея елінің мәдениетін көріп қана корей тілін таңдағанымды мысалға келтіре аламын. Өз тобымдағы (корей тобы) қыздардың «Не себепті корей тілін таңдадыңыз?» деген сауалнамасына «Мәдениет» деп жауап беруіне таңданбадым. Мәдениеті мен өркениеті мықты елдің қай салада болмасын – экономика, саясат, әлеует, бірақ ең бастысы тіл саласында жоғары нәтижеге жететіні анық. Ал мәдениетті дамыту біздің, жастардың, қолында. Қазіргі таңдағы корей мәдениетінің бүкіл дерлік елдерде дамып келе жатқандығы – ертеңгі күні тілдің де дамитындығына жол ашады. Экономика және саясат салаларында мұны – жұмсақ күш (мягкая сила) деп атайды [3]. Яғни, географиялық жағдайы бойынша картада 3 алып - Қытай, Жапония, Ресейдің арасында орналасқан Кореяға қатты күшті (твердая сила) дамыту қиынға соққанымен, қазіргі таңда жұмсақ күште (мягкая сила) оң

нәтижені көрсетіп отыр. Сонымен, Оңтүстік Корея мәдениеті өте тартымды. Корей өнерінің, қолөнердің және асханасының дәстүрлері, руханияты бүкіл әлемге таралуда. Танымал корей мәдениеті, әсіресе көрші Азия елдеріндегі жастар арасында, мемлекет шекарасынан асып кетті, ал АҚШ-тағы корей диаспорасының әсерлі жетістігі Корея елінің тартымдылығын одан әрі арттырды. Шын мәнінде, 1990-шы жылдардың соңында "Халлю" немесе "корей толқыны" байқала бастады - бүкіл корей тілінің сәні мен фильмдерінен бастап музыка мен ас үйге дейін танымалдығы қазіргі кезде де артып келеді [3]. Корея мәдениетінің мықты көрсеткіші басқа елдерде де өз ізін қалдыруда, сәйкесінше тіл тұрғысында да – оны үйреніге, меңгеруге деген қызығушылық артуда [3].

Сонымен, қорыта айтқанда, тіл тарапында, тілдің жоғалмай, керісінше жоғары деңгейге көтерілуінде - мәдениеттің дамуы зор. Рухани мәдениетте тілдің рөлі ерекше. Тіл болмаса мәдениет құриды, себебі адамдар арасындағы байланыс пен даму болмайды. Сол себепті де тіл - адамның рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі, адамның ең үлкен байлығы екенін атап өткен жөн. Ол халықтардың ұлттық бірлігіне ықпал етеді, бірегей коммуникативтік қасиеттерге ие болып табылады. Қазақ тілінің дамуында корей техникасын өз елімізде де қолдана білуіміз керек. Дамыған елдің өз тілін барша әлемге жайу мақсатында қолданылған әдістерін өз елімізде де кеңінен қолдана аламыз. Корея елін үлгі ретінде қарастырып, өз еліміздің дамуына үлкен үлес қоса аламыз. Мәселен, Президенттің қолдауымен бірнеше мәдени ұйымдар ашылса, сондай-ақ сол ұйымдардың шет елдерге, Қазақстанды таныстыру ретінде, жіберілсе, менің ойымша, тіл саласында, нақты қазақ тілі бойынша, таңқаларлық нәтиже шығар еді. Оған қоса қазақ халқының рухани болсын, материалдық болсын мәдениеті де әлемдік аренаға көтерілер еді. Қазіргі таңда бұл қолға алына бастады. Ел болашағы – жастар қолында демекші, қазақтың Димаш Құдайберген сынды басқа да әртістеріміз Қазақстаннан тыс жерлерде елдің даңқын шығаруда. Ендігі таңда бұл оң нәтижесін көрсете бастауда: әр елдерде қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырған жастар пайда бола бастады, олар өздерінің сүйікті әншілеріне арналған жалынды құттықтауларын өз тілінде емес, қазақ тілінде жолдауда. Абайдың өлеңдерін жаттап, сол және басқа да өлеңдерді қазақтың түрлі аспаптарында ойнап кереметтей үйлестіруде. Сонау кездерде қазақ халқын Еуропаға таныстырған Әмре Қашаубаевтың жолын қуып, өнерлі жастар оркестрлік ұжым ретінде шет елдерде өз туындыларымен бөлісуде. Осылайша, тілді дәріптеу жолында мәдениетімізді де басқа елдерге таратамыз. Ал мәдениетті білу өркениетті білумен тұсап-тұс келеді, сондықтан да өркениеті мықты ел еш уақытта жоғалмайды. Осы толқынмен қазақ тілімізді елге жайып, қасиетті домбырамызды күллі жаһанға паш етіп жүрген жастар ертеңгі елдің еңсесін көтерер нағыз азаматтар. Бастысы, өз еліміздің ана тілін, онымен бірге мәдениетін дамыту жолында еренбей еңбек етсек, жетер жетістіктеріміз де көп бола бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://superinf.ru/view_helpstud.php?id=332 [1]
2. <https://vseokoree.com/news/istoriya-korejskoj-literatury> [2]
3. <https://asaf-today.ru/s032150750013115-8-1/> [3]
4. <https://stud.kz/referat/show/15819> [4]